Абай облысы денсаулық сақтау басқармасының бұйрығына
2-қосымша
2023 жылғы «17» қараша
№ 310-НБ

**Абай облысы денсаулық сақтау басқармасының «Семей қаласының № 4 емханасы» ШЖҚ КМК бақылау кеңесі туралы ереже**

## 1. Жалпы ережелер

1. Абай облысы денсаулық сақтау басқармасының «Семей қаласының № 4 емханасы» ШЖҚ КМК Байқау кеңесі туралы ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының 01.03.2011 ж. Мемлекеттік мүлік туралы Заңына сәйкес әзірленді және Байқау кеңесінің (бұдан әрі-Байқау кеңесі) қызметі мен мәртебесін регламенттейді.

2. Байқау кеңесі өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, Абай облысы денсаулық сақтау басқармасының «Семей қаласының № 4 емханасы» ШЖҚ КМК (бұдан әрі - Кәсіпорын) Жарғысын және өзге де нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

3. Байқау кеңесі мүшелерінің саны тақ және бір-бірімен және кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және қасиеттік қарым-қатынаста болмайтын кемінде бес адамды құрауы тиіс. Байқау кеңесінің мүшелері кәсіпорын қызметкерлерінің құрамына кірмейді.

4. Байқау кеңесінің құрамына денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның өкілдері және конкурстық негізде сайланатын адамдар кіреді.

5. Байқау кеңесінің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды.

6. Байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптар, сондай-ақ Байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібі «Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңесін құру қағидаларын, байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптарды, Байқау кеңесі мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 20.02.2015 жылғы № 113 бұйрығына бекітілген.

7. Байқау кеңесінің төрағасы Байқау кеңесі мүшелерінің арасынан байқау кеңесі мүшелерінің көпшілік даусымен сайланады.

8. Байқау кеңесінің төрағасы:

1) Байқау кеңесінің жұмысын ұйымдастырады және Байқау кеңесінің шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады;
2) Байқау кеңесі отырыстарының күн тәртібін қалыптастырады;
3) Байқау кеңесінің отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;
4) Байқау кеңесінің атынан шығатын құжаттарға қол қояды;

5) Байқау кеңесінің ұстанымын білдіреді және уәкілетті органға Байқау кеңесінің қызметі туралы, ШЖҚ КМК-нің жалпы жай-күйі және ШЖҚ КМК мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған қабылданған шаралар туралы есеп береді;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Байқау кеңесінің шешімдерінде айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

9. Байқау кеңесі Байқау кеңесі төрағасының орынбасарын сайлауға құқылы.

10. Байқау кеңесінің мүшелері:

1) отырыстарға қатысады;

2) өз функцияларын орындау үшін қажетті кәсіпорын қызметі туралы толық және шынайы ақпарат алады. Кәсіпорынның құжаттарымен танысады, олардың көшірмелерін, сондай-ақ құрылымдық бөлімшелердің құжаттарының көшірмелерін алады;

3) Байқау кеңесінің кезектен тыс отырысын шақырады;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда және осы Ережеде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асырады.

11. Байқау кеңесінің хатшысы кәсіпорынның қызметкері болып табылады және Байқау кеңесінің мүшесі болып табылмайды.

12. Байқау кеңесінің хатшысы:

1) Бақылау кеңесіне есеп береді;

2) Байқау кеңесі төрағасының тапсырмасы бойынша Байқау кеңесінің мүшелерін Байқау кеңесінің кезекті және кезектен тыс отырыстарын өткізу туралы хабардар етеді;

3) Байқау кеңесінің төрағасы мен мүшелерін кәсіпорынның жауапты лауазымды адамдары ұсынған, байқау кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін тиісінше орындауы үшін маңызы бар қажетті ақпаратпен және құжаттамамен қамтамасыз етеді;

4) байқау кеңесіне жолданған хат-хабарларды есепке алуды жүзеге асырады және тиісті жауаптар дайындауды ұйымдастырады;

5) Байқау кеңесі мен Байқау кеңесінің төрағасы берген құжаттарды ресімдейді және оларды Байқау кеңесінің мүшелеріне жәнe кәсіпорынның басқару органының басқа да лауазымды адамдарына, Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға ұсынуды қамтамасыз етеді;

6) байқау кеңесі отырыстарының хаттамаларын жүргізеді;

7) Байқау кеңесінің мүшелерін сырттай дауыс беру арқылы байқау кеңесі қабылдаған шешімдер туралы хабардар етеді;

8) Бақылау кеңесінің мүшелеріне күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешімдер қабылдау үшін қажетті ақпаратты уақтылы ұсыну үшін қажетті шараларды қабылдайды;

9) Байқау кеңесінің қызметін есепке алуды жасайды.

13. Уәкілетті орган – Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалауды жүзеге асыратын «Абай облысының Денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Уәкілетті орган) болып табылады. Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау қорытындылары бойынша уәкілетті орган Байқау кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеу туралы шешім қабылдайды. Мемлекеттік қызметшілер болып табылатын Байқау кеңесінің Мүшелеріне

сыйақы төленбейді. Байқау кеңесінің Мүшелеріне сыйақы Кәсіпорын қаражаты есебінен төленеді.

14. Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау және Байқау кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеу лимитін айқындау тәртібі «"Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау және Байқау кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеу лимитін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 20.02.2015 ж. № 115 бұйрығына сәйкес айқындалады.

15. Байқау кеңесі мүшесінің өкілеттігі Байқау кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы Байқау кеңесінің шешіміне сәйкес оның жазбаша өтініші негізінде мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

16. Байқау кеңесі мүшесінің өз дауысын Байқау кеңесінің басқа мүшесіне не басқа жеке тұлғаға (сенімхат бойынша) беруіне жол берілмейді.

17. Байқау кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру кезінде бір дауысы болады. Дауыстар тең болған жағдайда Бақылау кеңесі төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

18. Байқау кеңесінің шешімдерін хатшы жазбаша нысанда ресімдейді және Байқау кеңесінің барлық мүшелері қол қояды.

19. Шешім қабылдау кезінде Байқау кеңесінің мүшесі Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алуға тиіс. Байқау кеңесінің мүшелеріне шешім қабылдау кезінде жеке мүдделерін көздеуге, сондай-ақ кәсіпорынның коммерциялық мүмкіндіктерін жеке мақсатта пайдалануға тыйым салынады.

## 2. Бақылау кеңесінің өкілеттіктері

20. Бақылау кеңесінің келесі өкілеттіктері бар:

1) кәсіпорынды дамыту жоспарының жобасы, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша уәкілетті органға қорытынды береді;

2) Даму жоспарының орындалуы туралы есептің жобасын келіседі, кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекітеді;

3) демеушілік және қайырымдылық көмекті және қосымша көздерден алынған қаражатты, оның ішінде Кәсіпорынның иелігінде қалған таза табыстың бір бөлігін бөлу туралы шешім қабылдайды;

4) Бюджет қаражатының және қосымша көздерден алынған қаражаттың нысаналы пайдаланылуын бақылау үшін кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады және көрсетілген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын тексеруді жүзеге асыру үшін уәкілетті органға ұсыныстар енгізеді;

5) Уәкілетті органның кәсіпорын басшысын тағайындау және онымен еңбек шартын бұзу мәселелері жөніндегі ұсыныстарын келіседі;

6) ұжымдық шартты әзірлеуге қатысады және даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде қызметкерлерге, кәсіпорын басшысына, оның орынбасарларына, бас бухгалтерге лауазымдық айлықақыларға үстемеақылар, қосымша қаржы көздерінен сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету бөлігінде шешімдер қабылдайды;

7) Байқау кеңесі хатшысын тағайындайды, оның өкілеттік мерзімін және жалақы мөлшерін айқындайды, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

8) уәкілетті органға Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

9) кәсіпорын қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстар әзірлейді;

10) уәкілетті органға кәсіпорынның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы ұсыныстар енгізеді;

11) уәкілетті органға кәсіпорынның филиалдарын, өкілдіктерін құру және жабу жөнінде ұсыныстар енгізеді;

12) кәсіпорынның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекітеді;

13) Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын басшының бос лауазымына конкурс өткізеді;

14) конкурс нәтижелері бойынша уәкілетті органға кәсіпорын басшысын тағайындауға кандидатураны ұсынады, сондай-ақ онымен еңбек шартын бұзу туралы уәкілетті органның шешімін келіседі;

15) кәсіпорынның ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындайды, оның басшысы мен мүшелерін тағайындайды, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқығы бар, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу мен сыйақы беру мөлшері мен шарттарын айқындайды;

16) қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйымның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындайды;

17) кәсіпорынның ұйымдық құрылымын бекітеді;

18) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын кәсіпорын немесе оның қызметі туралы ақпаратты айқындайды;

19) Заңда және (немесе) кәсіпорынның жарғысында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

## 3. Байқау кеңесінің мүшелеріне ақпаратты ұсыну тәртібі

21. Байқау кеңесі мүшелерінің талабы бойынша кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері Байқау кеңесінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпарат ұсынады.

22. Ақпаратты ұсыну туралы талап Кәсіпорынның орналасқан жері бойынша тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы кәсіпорын басшысына қойылады. Жазбаша хабарламада талап етілетін ақпаратқа немесе талап етілетін құжаттарға нұсқау болуға тиіс.

23. Кәсіпорын басшысы 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде, егер сұратылған ақпарат құпия болып табылмаса, Байқау кеңесінің мүшелеріне сұрау салынған құжаттар мен ақпаратты Байқау кеңесінің хатшысына ұсыну арқылы ұсынады.

24. Байқау кеңесінің мүшелері құпия сипаттағы қаржылық және өзге де ақпаратпен Кәсіпорынның орналасқан жерінде танысуға құқылы, бұл туралы кәсіпорынның атқарушы органын 5 (бес) жұмыс күні бұрын жазбаша хабардар етеді және олар қол қойған құпия ақпаратты жария етпеу туралы келісім болған кезде.

## 4. Байқау кеңесі мүшелерінің жауапкершілігі

25. Байқау кеңесінің мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кәсіпорынның әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) келтірілген залалға әкеп соққан зиян үшін кәсіпорын мен уәкілетті орган алдында жауапты болады.

26. Байқау кеңесінің төрағасы Байқау кеңесі отырыстарының хаттамаларында және материалдарында қамтылған ақпараттың толықтығы мен дұрыстығына жауапты болады. Көрінеу жалған және дәйексіз ақпарат берілген жағдайда Байқау кеңесінің төрағасы тәртіптік жауаптылыққа тартылады.

27. Байқау кеңесінің мүшелері кәсіпорынның шығынына әкеп соққан Байқау кеңесі қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген немесе дауыс беруге қатыспаған жағдайда жауапкершіліктен босатылады.

## 5. Қорытынды ережелер

28. Байқау кеңесі мүшесінің өкілеттігі оның жазбаша өтініші негізінде мерзімінен бұрын тоқтатылады. Байқау кеңесі мүшесінің жазбаша өтінішінде оның бұдан әрі өз міндеттерін орындай алмауының себебі көрсетіледі.

29. Байқау кеңесі Байқау кеңесі мүшесінің өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтінішін қарайды және осы өтініш уәкілетті органға келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде шешім шығарады.

30. Егер Байқау кеңесінің мүшесі қызметті бағалауды жүргізу қорытындылары бойынша 0-ден 4 балға дейін алған жағдайда, уәкілетті орган өзіне жүктелген міндеттерге жосықсыз қарау және шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау жөніндегі комиссияның ұсыныстары негізінде оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдайды.

31. Мемлекеттік кәсіпорынды қайта ұйымдастыру жүзеге асырылған жағдайда, Байқау кеңесі қайта ұйымдастыру аяқталғанға дейін 25 (жиырма бес) күнтізбелік күн бұрын өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдайды.

32. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының колданыстағы еңбек заңнамасымен, кәсіпорынның Жарғысымен және өзге де ішкі құжаттарымен реттеледі.

33. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасын және (немесе) кәсіпорын Жарғысын өзгерту нәтижесінде Ереженің жекелеген нормалары олармен қайшы келсе, осы нормалардың күші жойылады және ережеге өзгерістер енгізілген сәтке дейін кәсіпорынның лауазымды адамдары мен қызметкерлері Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін және (немесе) Жарғыны басшылыққа алады.

Приложение 2
к приказу Управления
здравоохранения области Абай
от « 17 » ноября 2023 года
№ 310-НК

**Положение о наблюдательном совете**
**КГП на ПХВ «Поликлиника № 4 города Семей»**
**управления здравоохранения области Абай**

## 1. Общие положения

1. Положение о Наблюдательном совете в КГП на ПХВ «Поликлиника № 4 города Семей» управления здравоохранения области Абай (далее - Положение) разработано в соответствии с Законом Республики Казахстан от 01.03.2011 г. «О государственном имуществе» и регламентирует деятельность и статус наблюдательного совета (далее – Наблюдательный совет).

2. В своей деятельности Наблюдательный совет руководствуется действующим законодательством Республики Казахстан, Уставом КГП на ПХВ «Поликлиника № 4 города Семей» управления здравоохранения области Абай (далее - Предприятие) и иными нормативными правовыми актами.

3. Число членов Наблюдательного совета должно быть нечетным и составлять не менее пяти человек, не находящихся в отношениях близкого родства и свойства друг с другом и руководителем Предприятия. Члены Наблюдательного совета не входят в штат работников Предприятия.

4. В состав наблюдательного совета входят представитель уполномоченного органа в области здравоохранения и лица, избираемые на конкурсной основе.

5. Срок полномочий Наблюдательного совета составляет три года.

6. Требования, предъявляемые к лицам, избираемым в состав Наблюдательного совета, а также порядок конкурсного отбора членов Наблюдательного совета и досрочного прекращения их полномочий утверждены приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 20.02.2015 г. № 113 «Об утверждении Правил создания наблюдательного совета в государственных предприятиях на праве хозяйственного ведения, требований, предъявляемых к лицам, избираемым в состав наблюдательного совета, а также Правил конкурсного отбора членов наблюдательного совета и досрочного прекращения их полномочий».

7. Председатель Наблюдательного совета избирается из числа членов Наблюдательного совета большинством голосов членов Наблюдательного совета.

8. Председатель Наблюдательного совета:

1) организует работу Наблюдательного совета и осуществляет общий контроль за реализацией решений Наблюдательного совета;

2) формирует повестки дня заседаний Наблюдательного совета;

3) созывает заседания Наблюдательного совета и председательствует на них;

4) подписывает документы, исходящие от имени Наблюдательного совета;

5) представляет позицию Наблюдательного совета и отчитывается перед уполномоченным органом о деятельности Наблюдательного совета, об общем состоянии КГП на ПХВ и принятых мерах, направленных на достижение целей КГП на ПХВ;

6) осуществляет иные функции, определенные действующим законодательством Республики Казахстан и решениями Наблюдательного совета.

9. Наблюдательный совет вправе избрать заместителя председателя Наблюдательного совета.

10. Члены Наблюдательного совета:

1) участвуют в заседаниях;

2) получают полную и достоверную информацию о деятельности Предприятия, необходимую для выполнения своих функций. Знакомятся с документами Предприятия, получают их копии, а также копии документов структурных подразделений;

3) созывают внеочередное заседание Наблюдательного совета;

4) осуществляют иные права, предусмотренные законодательством Республики Казахстан, Уставом и настоящим Положением.

11. Секретарь Наблюдательного совета является работником Предприятия и не является членом Наблюдательного совета.

12. Секретарь Наблюдательного совета:

1) подотчетен Наблюдательному совету;

2) по поручению председателя Наблюдательного совета уведомляет членов Наблюдательного совета о проведении очередных и внеочередных заседаний Наблюдательного совета;

3) обеспечивает председателя и членов Наблюдательного совета необходимой информацией и документацией, предоставленной ответственными должностными лицами предприятия, имеющей значение для надлежащего исполнения членами Наблюдательного совета их обязанностей;

4) осуществляет учет корреспонденции, адресованной Наблюдательному совету, и организует подготовку соответствующих ответов;

5) оформляет документы, выданные Наблюдательным советом и председателем Наблюдательного совета, и обеспечивает их представление членам Наблюдательного совета и другим должностным лицам органа управления Предприятия, уполномоченному органу в сфере здравоохранения;

6) ведет протоколы заседаний Наблюдательного совета;

7) информирует членов Наблюдательного совета о решениях, принятых Наблюдательным советом путем заочного голосования;

8) принимает необходимые меры для своевременного представления членам Наблюдательного совета информации, необходимой для принятия решений по вопросам повестки дня;

9) составляет учет деятельности Наблюдательного совета.

13. Уполномоченным органом является – государственное учреждение «Управление здравоохранения области Абай» (далее – уполномоченный орган), которое осуществляет оценку деятельности членов Наблюдательного совета. По итогам оценки деятельности членов Наблюдательного совета уполномоченный орган принимает решение о выплате вознаграждения членам Наблюдательного совета. Членам Наблюдательного совета, являющимся государственными служащими, вознаграждение не выплачивается. Вознаграждение членам наблюдательного Совета выплачивается за счет средств Предприятия.

14. Порядок оценки деятельности членов Наблюдательного совета и определения лимита выплаты вознаграждения членам Наблюдательного совета определяются согласно приказу Министра национальной экономики Республики Казахстан от 20.02.2015 г. № 115 «Об утверждении Правил оценки деятельности членов наблюдательного совета и определения лимита выплаты вознаграждения членам наблюдательного совета».

15. Полномочия члена Наблюдательного совета могут быть прекращены досрочно на основании его письменного заявления в соответствии с решением Наблюдательного совета о досрочном прекращении полномочий члена Наблюдательного совета.

16. Передача членом Наблюдательного совета своего голоса другому члену Наблюдательного совета либо другому физическому лицу (по доверенности) не допускается.

17. Каждый член Наблюдательного совета имеет при голосовании один голос. В случае равенства голосов решающим является голос председателя Наблюдательного совета.

18. Решения Наблюдательного совета оформляются секретарем в письменной форме и подписываются всеми членами Наблюдательного совета.

19. При принятии решения член Наблюдательного совета должен руководствоваться законодательством Республики Казахстан. Членам Наблюдательного совета запрещается преследовать личную заинтересованность при принятии решения, а также использовать в личных целях коммерческие возможности Предприятия.

## 2. Полномочия Наблюдательного совета

20. Наблюдательный совет имеет следующие полномочия:

1) дает заключение уполномоченному органу по проекту плана развития Предприятия, внесению изменений и дополнений в него;

2) согласовывает проект отчета о выполнении плана развития, предварительно утверждает годовую финансовую отчетность Предприятия;

3) принимает решение о распределении спонсорской и благотворительной помощи и средств, полученных из дополнительных источников, в том числе части чистого дохода, оставшегося в распоряжении Предприятия;

4) беспрепятственно знакомится с документацией Предприятия и его структурных подразделений для контроля целевого использования бюджетных средств и средств, полученных из дополнительных источников, и вносит предложения уполномоченному органу для осуществления проверки целевого использования указанных средств;

5) согласовывает предложения уполномоченного органа по вопросам назначения руководителя Предприятия и расторжения трудового договора с ним;

6) участвует в разработке коллективного договора и принимает решения в части установления работникам, руководителю Предприятия, его заместителям, главному бухгалтеру надбавок к должностным окладам, премирования и оказания материальной помощи из дополнительных финансовых источников в пределах средств, утвержденных планом развития;

7) назначает, определяет срок полномочий и размер заработной платы секретаря Наблюдательного совета, досрочно прекращает его полномочия;

8) вносит предложения уполномоченному органу о внесении изменений и дополнений в Устав Предприятия;

9) вырабатывает предложения по приоритетным направлениям деятельности Предприятия;

10) вносит предложения уполномоченному органу об участии Предприятия в других юридических лицах;

11) вносит предложения уполномоченному органу по созданию и закрытию филиалов, представительств Предприятия;

12) утверждает документы, регулирующие внутреннюю деятельность Предприятия;

13) проводит конкурс на вакантную должность руководителя, единолично осуществляющего функции исполнительного органа в порядке, определяемым уполномоченным органом в сфере здравоохранения;

14) по результатам конкурса представляет уполномоченному органу кандидатуру на назначение руководителя Предприятия, а также согласовывает решение уполномоченного органа о расторжении с ним трудового договора;

15) определяет количественный состав, срок полномочий службы внутреннего аудита Предприятия, назначает его руководителя и членов, а также имеет право досрочно прекратить их полномочия, определяет порядок работы службы внутреннего аудита, размер и условия оплаты труда и премирования работников службы внутреннего аудита;

16) определяет размер оплаты услуг аудиторской организации за аудит финансовой отчетности;

17) утверждает организационную структуру Предприятия;

18) определяет информацию о Предприятии или его деятельности, составляющую служебную, коммерческую или иную охраняемую законом тайну;

19) осуществляет иные полномочия, предусмотренные Законом и (или) уставом Предприятия.

## 3. Порядок представления информации членам Наблюдательного совета

21. По требованию членов Наблюдательного совета структурные подразделения Предприятия представляют информацию по вопросам, относящимся к компетенции Наблюдательного совета.

22. Требование о представлении информации предъявляется руководителю Предприятия посредством направления соответствующего письменного извещения по месту нахождения Предприятия. Письменное извещение должно содержать указание на требуемую информацию или требуемые документы.

23. Руководитель Предприятия в срок не более 3 (трех) рабочих дней представляет членам Наблюдательного совета запрошенные документы и информацию посредством предоставления его секретарю наблюдательного совета, если запрошенная информация не является конфиденциальной.

24. С финансовой и иной информацией, имеющей конфиденциальный характер, члены Наблюдательного совета вправе ознакомиться в месте нахождения Предприятия, письменно уведомив об этом исполнительный орган Предприятия за 5 (пять) рабочих дней и при наличии подписанного ими соглашения о неразглашении конфиденциальной информации.

## 4. Ответственность членов Наблюдательного совета

25. Члены Наблюдательного совета несут ответственность перед Предприятием и уполномоченным органом за вред, повлекший убытки Предприятия, причиненный их действиями (бездействием), в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

26. Председатель Наблюдательного совета несет ответственность за полноту и достоверность информации, содержащейся в протоколах и материалах заседаний Наблюдательного совета. В случае предоставления заведомо ложной и недостоверной информации, председатель Наблюдательного совета привлекается к дисциплинарной ответственности.

27. Члены Наблюдательного совета освобождаются от ответственности в случае, если голосовали против решения, принятого Наблюдательным советом, повлекшего убытки предприятия, или не принимали участия в голосовании.

## 5. Заключительные положения

28. Полномочия члена наблюдательного совета прекращаются досрочно на основании его письменного заявления. В письменном заявлении члена наблюдательного совета указывается причина, по которой он не может выполнять в дальнейшем свои обязанности.

29. Наблюдательный совет рассматривает заявление члена наблюдательного совета о досрочном прекращении его полномочий и выносит решение в течение 10

(десяти) рабочих дней с даты поступления данного заявления в уполномоченный орган.

30. В случае если член наблюдательного совета по итогам проведения оценки деятельности получил от 0 до 4 балов, уполномоченным органом принимается решение о его досрочном прекращении полномочий на основании недобросовестного отношения к возложенным на него обязанностям и предложений Комиссии по оценке деятельности членов наблюдательного совета государственного предприятия на праве хозяйственного ведения.

31. В случае осуществления реорганизации государственного предприятия, наблюдательный совет принимает решение о досрочном прекращении своих полномочий за 25 (двадцать пять) календарных дней до конца реорганизации.

32. Вопросы, не урегулированные настоящим Положением, регулируются действующим трудовым законодательством Республики Казахстан, Уставом и иными внутренними документами Предприятия.

33. Если в результате изменения законодательства Республики Казахстан и (или) Устава Предприятия, отдельные нормы Положения вступят с ними в противоречие, данные нормы утрачивают силу, и до момента внесения изменений в Положение, должностные лица и работники Предприятия руководствуются нормативными правовыми актам Республики Казахстан и (или) Уставом.